

БЕКІТЕМІН
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы


С.Дауешова
«11» 12 2025 ж.

**«ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МАМАНДАР
ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ» АТТЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ХІ ҚАЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың қазіргі заманауи тәсілі» атты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған ХІ қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның (әрі қарай-Конференция) ережесі конференция жұмысының мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін, негізгі бағыттарын анықтайды.

1.2. Конференцияның ұйымдастырушылары: Астана қаласының «Білім басқармасы» ММ, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК.

1.3. Мақсаты:

- кәсіби құзыреттілікті жетілдіру және педагогтерге өз педагогикалық қызметін талдау үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің зерттеушілік мәдениетін дамыту;

- кәсіби және педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, алмасу;

- колледж педагогтері арасындағы кәсіби байланыстарды нығайту үшін жағдай жасау.

II. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУ НЫСАНЫ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

2.1. Өткізу мерзімі: 2025 жыл 28 қаңтар, басталуы сағ.10.00

2.2. Өткізу орны: Астана қаласы, Қарасай батыр көшесі 19, Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК

2.3. Өткізу нысаны: тікелей, онлайн қатысу

III. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Колледж директорларының оқу, оқу-әдістемелік, оқу - өндірістік жұмысы, кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасарлары, колледж оқытушылары.

3.2. Конференцияның тілі: қазақша, орысша, ағылшынша.

3.3. Конференцияға қатысу:

- секциялық отырыста баяндама жасау (жақын және алыс шетелдік қатысушылары үшін онлайн);

- Конференция жинағында мақала жариялау.

 

IV. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Басығараева Салтанат Кайратовна - «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК директоры;
- Исина Нагима Саткеновна - Әдістемелік орталығының ТЖКББ бөлімінің әдіскері, байланыс тел. 8(701) 6447318;
- Есенбекова Алтынай Есенбековна - Әдістемелік орталығының ТЖКББ бөлімінің әдіскері, байланыс тел. 8 (701)2208197;
- Жакина Камила Анапияевна - «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК директордың оқу-әдістемелік бойынша орынбасары, байланыс тел. 8(701)2727964;
- Абельдинова Динара Кенжебековна - «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, байланыс тел. 8 (702)182 1823;
- Калимбетова Ляззат Касеновна - «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК директордың ақпараттық технологиялар жұмысы бойынша орынбасары, байланыс тел. 8(777) 430 0016;

4.2. Баяндамалар мен мақалалар 2025 жылдың 20 қаңтарына дейін konferen2024@ksit.edu.kz электрондық поштасына қабылданады.

Талаптар:

- қатысуға өтінім (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес рәсімделген мақала (№2 қосымша).

Әр қатысушының материалдары жеке папкаға орналастырылуы керек (өтінім, баяндама тезистері, мақала).

Көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған немесе талаптарға сәйкес рәсімделмеген материалдар қаралмайды және қайтарылмайды.

V. КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

5.1 Секциялық отырыстардың жұмыс бағыты:

1. **Диалог алаңы** «Кәсіби білім беру жүйесі: жұмысшы кадрларды даярлау тәжірибесі және колледждің даму перспективалары» (оқу, оқу-өндірістік, оқу-әдістемелік жұмыс, бейінді оқыту бойынша директордың орынбасарлары);
2. **Педагогикалық зертхана** «Қазіргі заманғы сабақ жағдайында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру» (жалпы білім беретін пәндердің оқытушылары);
3. **Панельдік талқылау** «Қоғамның экономикалық дамуы және кәсіби кадрларды даярлау» (арнайы пәндер оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері);
4. **BarCamp (антиконференция)** «Цифрландыру: жаңа трендтер және оқу процесіне енгізу тәжірибесі» (жалпы білім беретін және арнайы пәндердің оқытушылары);
5. **Педагогикалық коллоквиум** «Әлеуметтік-экономикалық пәндерді оқыту барысында кәсіби құзыреттерді қалыптастыру» (әлеуметтік-экономикалық пәндердің оқытушылары);
6. **Педагогикалық сессия** «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және құндылыққа бағытталған тұлғаны қалыптастыруға арналған тәрбие стратегиялары» (тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасарлары, әлеуметтік педагогтер, жатақхана тәрбиешілері, топ кураторлары);
7. **Дөңгелек үстел** «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін кедергісіз білім беру ортасын құру».

5.2. Баяндамаларға қойылатын талаптар:

- тақырыптың өзектілігін негіздеу;
- жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы;
- зерттелетін мәселені талдау және жалпылау;
- жұмыс бойынша өзіндік қорытынды.

Баяндау уақыты - 5 минут. Презентация - 7 слайдтан артық емес.

5.3. Жарияланымдарға қойылатын талаптар:

Файл Microsoft Word, шрифт: «Times New Roman», қағаз өлшемі - А4, бағдары-кітапша, кегль – 14 (суреттер мен кестелерде – 12-ден кем емес), интервал – 1,0 жоғарғы және төменгі жиектер – 2 см, сол - 3 см., оң – 1,5 см, абзац: бірінші жол - шегініс 1,25 см, тегістеу – ені бойынша, мақала көлемі-4-5 беттен аспайды. Баяндама ақ-қара нұсқада ұсынылуы керек. Дәйексөздерге, сандарға, құжаттарға және т. б. библиографиялық сілтемелер [] шаршы жақша түрінде рәсімделеді және сілтеме жасалған кезде мақаланың соңындағы әдебиеттер тізімінде көрсетіледі. Бет нөмірлері енгізілмейді. Пайдалануға ұсынылған қосымшалар: MicrosoftEquation, CorelDraw, Excel.

Баяндама материалдары зерттеу сипатында болуы, талаптарға сәйкес мұқият өңделуі тиіс, баяндама (мақала) тақырыбы секция атауының бағытымен сәйкес келмеуі тиіс, түпнұсқалығы (кемінде 80%). Көлемі 5 бетке дейін, оның ішінде суреттер, кестелер, формулалар, әдебиеттер тізімі кіреді.

Мақалалар рецензияланбайды, авторлық редакцияда жарияланады. Ұйымдастырушылар орфографиялық және стилистикалық қателіктер үшін жауап бермейді. Талаптарға сәйкес келмейтін, мерзімінде тапсырылмаған материалдар басылымға жіберілмейді.

VI. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

6.1. Конференцияның секциялық отырыстарына қатысушыларға жұмыс тәжірибесімен бөліскені туралы сертификаттар беріледі.

6.2. «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың қазіргі заманауи тәсілдері» атты X қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылардың мақалаларының электрондық жинағы Әдістемелік орталықтың astana-modern.edu.kz сайтында және Сервис және туризм колледжінің <https://www.ksit.kz> сайтында жарияланады.

«Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың қазіргі заманауи тәсілдері» атты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға өтінім

№	Т.А.Ә	Тақырыбы Секция, (бағыт)	Қатысу - секциялық отырыста, - конференция жинағында жариялау (көрсету)	Тел., эл.пошта	Қажетті техникалық құралдар

Мақаланы жариялауға арналған үлгі

**КЛИНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА
ТИІМДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ
(1 интервал)**

Алимжанова Енлик Болатовна

оқытушы.....

колледж

(1 интервал)

Аннотация: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

Түйін сөздер: Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

(1 интервал)

Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні
Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні
Мақала мәтіні Мақала мәтіні

(1 интервал)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Кирилова Г.И. Білім берудегі ақпараттық технологиялар және компьютерлік құралдар //Educational Technology & Society. - 2000. № 5

